

Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы
ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» МКК
бас дәрігерінің
15.03.2017ж. №130 бұйрығымен
бекітілген.

**Алматы қаласы ДБ ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК
ақпараттық саясаты туралы
Ереже**

Келісілген:

№	Лауазымы	АЖТ	Қолы
1	Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары	Ш.Ж.Тәжібаева	
2	Бас дәрігердің сапаны бақылау жөніндегі орынбасары	Ә.О.Мекебекова	
3	Кадр бөлімінің инспекторы	А.Е.Абдибаева	
4	Заңгер	Н.В.Филимонова	

Әзірлеген:

№	Лауазымы	АЖТ	Қолы
1	Бағдарламашы	А.Әбдіғапбарұлы	

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер 2
2. Интернет-ресурсты пайдаланудың құрылымына, маңызына және қолайлылығына қойылатын талаптар 3
3. Интернет-ресурсты ақпараттық толтыру мен қызметі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру 3
4. №1 Қосымша 5

1. Жалпы ережелер

1. Ақпараттық саясат туралы осы Ереже Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) интернет-ресурстарды ақпараттық толтырудың қолданыстағы ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасына сәйкес әзірленген, мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпиялардан тұратын мәліметтерді қоспағанда, Кәсіпорынның ресми сайтында орналастыру тәртібін анықтайды және Кәсіпорын туралы ақпаратты жаңартып отырады. Ресми сайт ғаламдық Интернет желісінде орналастырылған электрондық көпшілікке қолжетімді ақпараттық ресурс болып табылады.

2. Кәсіпорында Интернет-ресурс құрудың және жүргізудің мақсаты болып табылады:

- Кәсіпорын қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- азаматтардың қолжетімділікке және ашық ақпаратқа құқығын жүзеге асыру;
- Кәсіпорын қызметінің дамуы мен нәтижелері туралы қоғамды ақпараттандыру.

3. Кәсіпорынның интернет-ресурсы қоғамға қолжетімді және ашық болып табылады. Кәсіпорынның интернет-ресурсында жарияланатын ақпарат:

- авторлық құқықты бұзбауы;
- нормативтік емес лексикадан тұрмауы;
- жеке және заңды тұлғалардың абыройын, намысын және іскерлік беделін кемсітпеуі;
- заңмен қорғалатын мемлекеттік және өзге де құпиядан тұрмауы;
- Қазақстан Республикасы заңнамасымен жариялануға рұқсат етілген материалдан тұрмауы;
- денсаулық сақтау жүйесінде кәсіби этикаға қарсы келмеуі тиіс.

4. Осы Ережелерде төмендегі түсініктер қолданылады:

1) **интернет-ресурс** – мәтіндік, графикалық, дыбыс-бейне немесе басқаша түрде бейнелеп көрсетілетін электрондық ақпараттық ресурс, аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік мекенжайға және (немесе) домендік атауға ие және Интернетте пайдаланылады;

2) **қолжетімділігі шектеулі ақпарат** – мемлекеттік құпияларға, жеке, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияларға жататын ақпарат, сондай-ақ «Қызметтік қолданысқа арналған» белгісі бар қызметтік ақпарат;

3) **бірінші басшылардың блог-платформасы** – азаматтардың сұрақтарын жеткізу және оларға денсаулық сақтау ұйымдарының бірінші басшыларынан жауап алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін «электронды үкімет» веб-порталының бөлігі;

4) **қарқынды ақпарат** – денсаулық сақтау ұйымының уақытша сипатқа ие (келешектегі даму, өзекті оқиғалар, басым бағыттар) ағымдағы қызметін көрсететін ақпарат;

5) **статистикалық ақпарат** – денсаулық сақтау ұйымының тұрақты (анықтауыш) сипатқа ие (нормативтік құқықтық актілер, құрылым, денсаулық сақтау ұйымының ережесі, бюджетті игеру бойынша ақпарат) ішкі қызметін көрсететін ақпарат.

2. Интернет-ресурсты пайдаланудың құрылымына, маңызына және қолайлылығына қойылатын талаптар.

5. Кәсіпорынның интернет-ресурсын пайдаланудың құрылымы, маңызы және қолайлылығы мемлекеттік органдарды ақпараттық интернет-ресурстармен толтыру және олардың маңыздылығына қойылатын талаптар мәселесін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қалыптасады.

3. Интернет-ресурсты ақпараттық толтыру мен қызметі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

6. Кәсіпорынның интернет-ресурсының құрылымы және орналасадырылатын электрондық ақпараттық ресурстардың құрамы электрондық ақпараттық ресурстарды орналастыруға арналған интернет-ресурстың құрылымы мен орналасадырылатын электрондық ақпараттық ресурстардың құрамына сәйкес, осы Ереженің 1 к қосымшасында көрсетілген, сондай-ақ қолжетімділігі шектеулі ақпаратты есептегенде, Кәсіпорын қызметіне қатысы бар басқа да көрсетілген ақпараттың болуын қарастырады.

7. Азаматтардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жауап орналастыру арқылы Кәсіпорын басшысына жүгінуіне мүмкіндік беру үшін Кәсіпорында бірінші басшының блогы болуы тиіс.

8. Кәсіпорын интернет-ресурсының ақпараттық көздерін мемлекеттік тілде, онымен барабар орыс тілінде және қажеттілік туындаған жағдайда, басқа да тілдерде тиісті құрылымдық бөлімшелермен әзірленген және ұсынылған материалдарды құрайды.

9. Кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылатын электрондық ақпараттық ресурстар қарқынды және статистикалық ақпарат деп бөлінеді.

10. Кәсіпорынның интернет-ресурсындағы статикалық ақпарат қажеттілігіне қарай жаңарып отырады.

11. Қарқынды ақпарат жаңалықтық хабарламаны есептемегенде, жаңа ақпараттың келіп түсуі бойынша жаңартылып отырылады.

12. Жаңалықтық хабарламалар ұдайы орналастырылып тұрады. Жаңалықтық хабарламаларды орналастыру барысында жаңалықтық хабарламалардың тақырыбы денсаулық сақтау саласына сәйкес болуы қамтамасыз етіледі.

Жаңалықтық хабарламалар негізгі мәнін ашатын қысқа және максималды түрде нақты сөйлемдерден құралады.

Жаңалықтық мәтінде күні, оқиға орны, маңызы, нәтижелері туралы ақпарат мазмұны қамтылады.

13. Интернет-ресурстың домендік атауы Кәсіпорынмен ұқсас, жазылуы және айтылуы қарапайым, есте қалатын қысқаша атаулардан тұрады.

№17 Қалалық емхана
ақпараттық саясаты
туралы Ережеге
№1 Қосымша

**Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы
ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» МКК
интернет-ресурсының құрылымы және
орналастырылатын электрондық ақпараттық ресурстардың құрамы**

<i>№ n/n</i>	<i>Ақпарат түрі</i>	<i>Мазмұны</i>
1.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік символдары	Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран. (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын, Мемлекеттік Әнұранын және олардың кескінін орналастыру Ережелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының мәтініне сәйкес)

2.	Ұйым туралы жалпы ақпарат	<p>1. Ұйым туралы қысқаша ақпарат:</p> <ul style="list-style-type: none"> - толық атауы, меншік нысаны, көмек көрсету түрі, мекенжайы, жол жүру сызбасы, пошталық мекенжайы, электрондық поштаның мекенжайы, анықтама қызметінің телефондары; - қолданыстағы телефондар көрсетілуі тиіс: басшының қабылдау бөлімінің, анықтама қызметінің (колл- центр) – ТМҚКК, ақылы қызметтердің, амбулаториялық-диагностикалық қызметтердің және т. б., алдын ала тіркелу, кезекші дәрігердің. - көмек көрсетудің түріне байланысты төсек орын қорының әлеуетін көрсету (тәулік бойғы стационар, күндізгі стационар), тіркелген тұрғындардың саны (ересек, балалар), келушілер санының деңгейі. - бекітілген тұрғындар туралы ақпарат (ересек, бала тұрғындар), қаралу деңгейі <p>2. Құрушы (құрушылар) туралы мәліметтер, мемлекеттік тіркеудің мерзімі.</p> <p>3. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, қаланың Денсаулық сақтау басқармасының, қала әкімдігінің, ӘМСҚи сайттарына ішкі сілтемелер.</p> <p>4. Ұйымдастыру құрылымы (оның ішінде басқару органдарымен) диаграмма түрінде өндірістік деңгей менеджерлеріне дейін Аты-жөнін көрсету арқылы, құзыреті жөнінде қысқаша ақпаратпен, телефон нөмірлерін және электронды поштаның мекенжайларын.</p> <p>5. Міндеті, көрінісі, құндылықтары.</p> <p>6. Ұлттық немесе халықаралық аккредитация туралы ақпарат (болған жағдайда)</p>
3.	Корпоративтік басқару	<p>Басқару органдары туралы ақпарат:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. бақылау кеңесі: <ol style="list-style-type: none"> a. бақылау кеңесінің туралы ақпарат b. бақылау кеңесінің корпоративтік хатшысы туралы ақпарат; c. бақылау кеңесінің осы жылғы жоспары. 2. Әкімшілік (атқарушы орган) <ol style="list-style-type: none"> a. Бірінші басшы, оның орынбасарлары (атқарушы органның мүшелері)

4.	Корпоративтік құжаттар	<p>Негізгі құжаттар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Медициналық қызметті іске асыруға лицензия (құжаттардың электронды түрінің қосымшасымен). 2. Кәсіпорынның жарғысы. 3. Даму жоспары (SWOT-талдау деректерінен, ішкі орта талдауынан, бенчмаркингтен басқа). 4. Мемлекеттік тіркеу туралы мемлекеттік және орыс тіліндегі куәлік. <p>Басқа құжаттар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Корпоративті басқару кодексі. 2. Іскерлік этика кодексі. 3. Кадр саясаты. 4. Ақпараттық саясат туралы ереже. 5. Қызметтік құпияны сақтау бойынша нұсқаулық. 6. Ішкі нормативтік құжаттардың классификаторы. 7. Бақылау кеңесі туралы ереже. 8. Корпоративтік басқаруды реттейтін басқа да құжаттар. <p>Есептер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Есептер: 2. Кәсіпорынның қызметі туралы жылдық есеп. 3. Кәсіпорынның атқарушы органының даму жоспарын орындау туралы есептері (жылдық, жарты жылдық). 4. Бақылау кеңесінің қызметі туралы есеп (бағалау нәтижелері).
----	-------------------------------	--

5.	<i>Халықпен жұмыс</i>	<p>1. кәсіпорын жұмысының кестесі және режимі.</p> <p>2. медициналық қызметкердің жұмыс кестесі және қабылдау уақыты.</p> <p>3. Денсаулық сақтау ұйымы басшысының және басқа да өкілетті тұлғаның азаматтарды қабылдау кестесі, и телефоны мен электронды поштасы көрсетіледі.</p> <p>4. негізгі қызмет туралы ақпарат:</p> <p>1) медициналық көмектің түрлері туралы;</p> <p>2) ТМККК аясында медициналық қызметтерді алу мүмкіндігі туралы;</p> <p>3) ТМККК аясында медициналық қызмет көрсетудің тәртібі, көлемі және шарттары туралы ;</p> <p>4) медициналық пайдалануға арналған өмірлік қажетті және маңызды дәрілік препараттардың тізімі туралы;</p> <p>5) гемофилия, муковисцидоз, гипофизарлы нанализм, Гоше сырқатымен, қатерлі жаңадан пайда болған лимфоидті, қантүзу және оларға туыстас тінмен, шашыраңқы склерозбен сырқаттанған тұлғаларды, сондай-ақ органдар мен тіндерді ауыстырып салудан кейінгі тұлғаларды қамтамасыз ету үшін тағайындалған дәрілік препараттардың тізімі туралы;</p> <p>6) медициналық пайдалануға арналған дәрілік препараттардың, оның ішінде медициналық ұйымдардағы дәрігерлік комиссия шешімі бойынша тағайындалатын медициналық пайдалануға арналған дәрілік препараттардың тізімі туралы;</p> <p>7) халықтың топтық тізіміне және сырқаттың санатына сәйкес, халыққа жіберілетін дәрілік препараттардың тізімі туралы, амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар дәрігерлердің рецептілері бойынша тегін және жеңілдікпен шығарылады;</p> <p>8) БМСК көрсететін, тіркелген халқы бар медициналық ұйымда жүргізілетін халықты диспансерлеудің мерзімі, тәртібі, нәтижелері туралы;</p> <p>9) Бастапқы қабылдауға/консультацияға/тексерілуге тіркелу ережелері туралы (сонымен бірге электрондық үкіметтің e.gov порталы арқылы);</p> <p>10) медициналық қызметтердің бағасы туралы (қолданыстағы баға көрсеткіші);</p> <p>7. Кері байланыс түрлері:</p> <p>1) қолданушылардың ақпарат жіберудің «сұрақ-жауап» түрі арқылы; сауалнама және дауыс беру, жиі қойылатын сұрақтарға жауап беру, интернет-қабылдау;</p>
6.	<i>Нормошығармашылық қызмет</i>	Денсаулық сақтау ұйымдарына қолданылатын нормативтік құқықтық актілер (машина оқи алатын түрде ұсынылады).
7.	<i>Кәсіпорынның ағымдағы қызметі туралы ақпарат</i>	1. Денсаулық сақтау ұйымы аясында жұмыс істейтін мемлекеттік бағдарламалар (салалық бағдарлама, аумақты дамыту бағдарламасы).

		2. Мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы туралы есеп (жылдық есеп)
8.	Бюджеттің атқарылуы	Бюджеттің атқарылуы туралы ақпарат (жылдық есеп).
9.	Конкурстар, тендерлер өткізу	1. Мемлекеттік сатып алулардың жүргізілу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілер (немесе ресми интернет-ресурстағы НҚА-ға сілтеме). 2. Мемлекеттік сатып алулардың жылдық жоспары. 3. Денсаулық сақтау ұйымы өткізетін ашық конкурстар, аукциондар, тендерлер туралы ақпарат, оларды өткізудің шарттары; оларға жеке және заңды тұлғалардың қатысу тәртібі; конкурстық комиссия отырысының хаттамалары; қабылданған шешімдерге шағымдану тәртібі, конкурстың нәтижелері.
10.	Медициналық ұйымды кадрлық қамсыздандыру	1. денсаулық сақтау ұйымындағы бос орындар туралы мәлімет. 2. бос орындарға үміткер кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары. 3. бос орындарға орналасу мәселелері бойынша кеңес беруге сенім берілген тұлғалардың аты-жөні, телефон нөмірі, электронды поштасының мекенжайы.
11.	Ақпараттық қолдау	1) сайттың екі тілде (қазақ, орыс) міндетті жүргізілуін көрсету; 2) «Нашар көретіндерге арналған нұсқа» функционалының болуы; 3) жаңалықтардың өзекті таспасы 4) пайдалы сілтемелер (үкіметтік интернет-ресурстар, «электронды үкімет» веб-порталы, заңнаманың деректер базасы);
12.	Басқа	денсаулық сақтау ұйымының құрушысының және (немесе) басшысының шешімі бойынша жарияланатын, орналастырылатын басқа да ақпарат және (немесе) ҚР заңнамасына сәйкес міндетті болып табылатын ақпаратты орналастыру, жариялау.